

"Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде 1993 жылғы туған азаматтарды тіркеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының әкімінің 2010 жылғы 10 қаңтардағы N 1 шешімі. Ақтөбе облысының Ойыл аудандық Әділет басқармасында 2010 жылдың 28 қаңтарда N 3-11-72 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданының әкімінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданының әкімінің 2010.04.26 № 5 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17-бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. 2010 жылдың 15 қаңтары мен 31 наурызы аралығында «Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде тіркеу жылы 17 жасқа толатын 1993 жылы туған азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген, Ойыл ауданының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеу жүргізілсін.

2. Азаматтарды тіркеуге байланысты іс-шаралар жергілікті бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылсын.

3. «Ойыл аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынына (Ж.Қамбаров-келісім бойынша) «Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қарамағына бөлу ұсынылсын:

1) шақырушыларға медициналық куәлік беруді жүргізу үшін қажетті дәрігер мамандарды және медбикелерді;

2) тіркелушілерді медициналық құжаттармен сапалы және толық қамтамасыз ету үшін жеткіншектер кабинеттерінің дәрігерлерін;

3) дәрігер-мамандардың резервтік құрамын;

4) медициналық комиссия жұмысы үшін қажетті медициналық мүліктерді, құралдарды және дәрі-дәрмектерді.

4. Селолық округтер әкімдері «Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талабы бойынша шақырушыларды оларды шақырту пунктіне шақырылғандығын хабарласын және жеткіншектедің уақытында келуін қамтамасыз етсін.

5. Азаматтарды әскери шақыру жасына дейінгі есепке қоюға байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытқа жұмыс орны мен атқаратын қызметінің сақтала отырып, жұмыстан (оқудан) босатылатындығы жөніндегі заң талаптары орындалсын.

6. «Ойыл аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (С.Сүлейменов) «Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (С.Отаров-келісім бойынша) бірлесе отырып, аудан мектептерінде оқитын 1993 жылы туылған жасөспірімдердің толық тіркеуге алынуын қамтамасыз етсін.

7. «Ойыл аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (С.Смагулов-келісім бойынша), Ойыл аудандық сотына (А.Қаржауов-келісім бойынша) тіркеу жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 18-бабында қарастырылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. «Ойыл аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі» (Ш.Қарабалина) мен «Ойыл аудандық қаржы бөлімі» (М.Сембі) мемлекеттік мекемелері белгіленген заң талаптарына сәйкес азаматтарды тіркеу жөніндегі іс-шараларды жергілікті бюджеттен қаржыландыру шараларын алсын.

9. Азаматтарды әскери есепке қоюға байланысты жұмыс аяқталғаннан кейін «Ойыл аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі (С.Отаров-келісім бойынша) тіркеу қорытындысы туралы аудан әкіміне 2010 жылдың 5 сәуірінде жазбаша хабарласын.

10. Осы шешімнің арындалуын бақылау аудан әкімі орынбасары М.Абдуллинге жүктелсін.

11. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

Қ.Елеусіз.